

Инватакси қызметін алушылар санатын кеңейту туралы

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 21 қаңтардағы № 05/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 27 қаңтарда № 6705-09 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес, Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Инватакси қызметін алушылардың санаттарын келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) тірек-қимыл аппараты бұзылған бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) психоневрологиялық аурулары бар бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 3) тірек-қимыл аппараты бұзылған 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 4) психоневрологиялық патологиясы бар 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласының әкімі

Д. Бұлқайыр